

УДК: 37

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Ақжанова А. А.

№122 ОМ қазақ тілі мұғалімі

Қостанай қаласы

Аннотация

Мақалада бастауыш сыныптарда білім технологияларының бірі проблемалық технологияның пайдалану жолдары қарастырылады. Оқытудың жаңа технологиясын пайдалану – сапалы білім негізі. Сабақта оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту тұрғысынан тиімділігін арттыру бүгінгі орта мектепте және бастауыш мектепте пәнді оқыту теориясы мен әдістемесінің педагогикалық мәселелерінің бірі. Проблемалық мәселе, проблема тууға ыңғайлы тақырыпты таңдай білу, мұғалімнің ізденімпаздығына, тапқырлық шеберлігіне байланысты. Педагогикалық технология кешенді, бірігімді процесс. Ол өз құрамында адамдарды, идеяларды, құрал – жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалар шешімін басқаруды қамтиды.

Аннотация

В статье рассматривается использование проблемной технологии в младших классах, как одна из образовательных технологий. Использование новых технологий обучения – основа качественного образования. Развитие творческих способностей учащихся на уроке одна из важнейших проблем теории обучения и педагогических методов в среднем и младшем звене современной школы. Умение подбирать темы для проблемного обучения, для создания проблемной ситуации связано с мастерством, находчивостью и неустанным поиском учителя. Педагогическая технология единый, комплексный процесс. Она в своем составе рассматривает людей, идеи, наглядные пособия, вместе с этим планирование, обеспечение, оценивание и решение различных проблем, связанных с получением образования.

Abstract

Abstract The article discusses the problematic use of technology in the younger grades, as one of the educational technologies. The use of new learning technologies – the Foundation of quality education. Development of creative abilities of students in the classroom one of the major problems of educational theory and pedagogical methods in the middle and the Junior level of the school. The ability to select themes for problem-based learning, to create a problem situation is connected with skill, ingenuity and relentless search of a teacher. Pedagogical technology of a single, integrated process. It is in its composition considers the people, ideas, visual AIDS, along with this planning, providing, evaluating and solving various problems related to education.

Түйінді сөздер: проблемалық технология, педагогикалық технология, бастауыш сынып, оқыту мәселелері, сапалы білім, жоспарлау.

Ключевые слова: проблемная технология, педагогическая технология, начальный класс, проблемы обучения, качественное образование, планирование.

Абай атамыз ақыл мен сана еңбек барысында қалыптасатындығын айтады. Ендеше оқушының дәл бүгінгі жаңа материалды білетіндігін, оны білудің қаншалықты қажет екендігін іштей мойындату үшін мұғалімге шеберлік қажет. Проблемалық оқыту әдісі оқушылардың өздігінен еңбек етуге, алған білімін жаңа материалмен ұштастыра білуге үйретеді.

Ойлана білуге жетелемеген білім бойға дарымайды. Дұрыс таңдалған әдіс-тәсілдер баланың алдына мақсат қойып, нәтижеге жетуіне ұмтылдырады. Білімді меңгеру тек қана заңдылықтарды, ережелерді есте сақтау арқылы емес, оны оқушылардың өздері логикалық талдау жасай отырып, алған білімдерін орынды пайдалана білгенде ғана жүзеге асады.

Қазақтың ағартушылары Абай Құнанбаев, Ы. Алтынсарин қоғамдық қайраткер және педагогтар А.Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов өздерінің еңбектері мен тәжірибелік әрекеттерінде оқушыларды шығармашылықты дамытуға, ойларын жүйелеуге шақырды. Қазіргі заман әдіскерлері мен психологтары Ж.Б. Қоянбаев, Б.Г. Есипов, С. Қалиев, А.Е. Әбілқасымова дамып келе жатқан оқытудың тәжірибесі мен теориясына және оқушылардың танымдық әрекетінің белсенділігіне зор үлестерін қосты.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қазіргі кезеңіндегі қоғамның түрлі салаларының құрылуы мен тұлғаның белсенділігінің жоғарылауы арасында байланыс айқындала түсуде. Осыған байланысты балалардың танымдық әрекетін белсендіру, оны тиімді басқару және дамыту, әдістемелік, ұйымдастырушылық және моральдік – психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету күрделі педагогикалық мәселе ғана емес, маңызды әлеуметтік мәселе де болып табылады. Оқыту технологиясы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолындағы алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдісі, құрал және түрлерінің жүйесі болып табылады. Оқыту технологиясында мазмұн, әдіс және құралдардың өзара байланысы мен себептілігі жатыр, соған байланысты қажетті мазмұнды, тиімді әдістер мен құралдарды бағдарлама мен қойылған педагогикалық міндетке сәйкес іріктей білу мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты.

Оқытудың жаңа технологиясын пайдалану – сапалы білім негізі. Сабақта оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту тұрғысынан тиімділігін арттыру бүгінгі орта мектепте және бастауыш мектепте пәнді оқыту теориясы мен әдістемесінің педагогикалық мәселелерінің бірі.

Оқушы қабілеті дегеніміз оның педагогикалық ықпал аясында білім алу әрекеті, жеке тұлғаны дамыта оқыту әдістері, оның шығармашылық қабілетінің дамуына әсерін тигізеді. «Қазақстан – 2030» атты еліміздің стратегиялық бағдарламасында ең негізділерінің бірі – жоғары интеллектуальды жастарды жан – жақтылыққа тәрбиелеу, олардың потенциалдық деңгейінің көтерілуіне үлес қосу. Сондықтан, ұстаз, мұғалімдер қауымының алдына өте маңызды міндет жүктеледі. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа технология негіздері болып табылады. Берілген анықтамалардан «технология» techne – өнер, шеберлік және logos – ғылым, заң, яғни технология дегеніміз шеберлік (өнер) туралы ғылым екенін білуге болады. Педагогикалық технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс, тәсілдер – оның құрамды бөлігі ғана.

Педагогикалық технологиялар сипатын айқындайтын көптеген оқыту технологиялары: білімді ізгілендіру, дәстүрлі технологиялар, бағдарламаластырылған және проблемді оқу технологиялары, дамыта оқыту технологиясы, әр деңгейлі оқу, толық меңгеру, ұжымдық ықпалдаса оқу, икемдесе оқу, жобалап оқу, авторлық оқу технологиясы (мысалы, М.В. Кларин технологиясы), интерактивті оқыту, қаншалықты оқыту, ақпараттық оқыту және т.б. [4, 95].

Алғашқыда педагогтар «педагогикалық технология», «тәрбиелеу», «оқу – оқыту технологиясы» және «тәрбиелеу технологиясы» ұғымдарының өзіндік мән – мағыналарына назар аудармай келді. Ал бүгінде педагогикалық технология оқу тәрбие аймағындағы педагогикалық міндеттердің шешілуіне байланысты орындалатын педагог іс – әрекеттерінің бірізді жүйесі ретінде танылуда. Педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болардай қатқыл ғылыми жоба. Әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы. Педагогикалық технология кешенді, бірігімді процесс. Ол өз құрамында адамдарды, идеяларды, құрал – жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалар шешімін басқаруды қамтиды.

Педагогикалық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі – теориялық негізде орындалуы, екіншісі – тәжірибемен жүзеге келуі.

Дәл қазіргі кезде білімнің кең көлемді қоры жиылған оқушылардың танымдық әрекетін белсендіру. Солардың ішінде ең маңыздысына тоқталайық.

Бастауыш сынып оқушыларын танымдық әрекетке тәрбиелеу. Әрекеттік жуықтаудың негізінде әрекет теориясы жатады. Оның негізі: жеке тұлға әрекетте қалыптасады (бұл туралы Қытай даналығында былай делінген: «Маған айт – мен ұмытып қаламын; маған көрсет – мен есімде сақтаймын; маған өзіме жасауға бер – мен үйренемін»). Оқыту процесін ұйымдастыратын мұғалімдерге әрекеттің құрылымын білу өте маңызды. Оның негізгі түрлері: мотиві, мақсаты, мәселелер, мазмұны, құралдары, әдіс – тәсілдері және қорытынды. Бұлай дегеніміз, мұғалім көптеген құралдар арқылы оқушының ойлау қабілеті, тәжірибелік шамасына әсер ету керек. Осы компоненттердің барлығын мұғаліммен бірге оқушы да меңгеруі керек.

Бастауыш сынып мұғалімдеріне сонымен бірге оқушылар әрекеттерінің негізгі түрлерін білу керек: оқыту – танымдық, әлеуметтік, еңбек, ойын, талғамдық, денешынықтыру – сауықтыру. Әрекеттің барлық осы түрлері оқытушы мен оқушының өзара қатынасынан тұрады. Әрекеттің бұл түрлерін өзара байланыстыру өте маңызды.

Бастауыш сынып оқушыларының гуманистік психологиясы және педагогика ілімдеріндегі жеке – бағытталған ой өрісі төменгі салада қалыптасады.

Жеке тұлға үнемі ауысып отыратын әлемнің ортасында өмір сүреді. Оған қоршаған орта әрекеті қабылдаудың жеке әлемі өте маңызды; бұл жекелік әлемді–әлі сырттан ешкім танып білмеген. Қоршаған әлемге адам жеке қабылдау және түсіну арқылы қатынас жасайды. Адам өзінше түсінуге және өзінше пайдалануға ұмтылады; өзіндік жетілдіруге ішкі қажеттілік қасиеті болады. Айнала қоршаған ортаны танып, білу адамның ойлауы арқылы орындалады. Адамдарда тану екі негізгі формада жүзеге асады: сезімдік тану формасы және абстракциялық ойлау формасы. Сезімдік тану, сезіну, қабылдау, елестету сияқты жолдармен көрініс табады, оның көмегімен біз заттардың жеке қасиеттерін ажыратамыз. Сезімдік тану – бұл тек ойлаудың бастапқы сатысы, адам дүниені түсіне отырып қабылдайды. Сезімдік тану материалды жолмен емес тәжірибелік жолмен өрісі кеңейе береді. Дүниені танудағы тәжірибенің кеңейуі адамның ойлауының ептілігіне таңқаларлық әсер етеді. Адамның ойлауы туралы И.М. Сеченов: «Адамның ойында тануға әсер ететін серпіліс бар және ойлаудың өзі процесс» деген.[1, 33].

Барлық құбылыстармен салыстырғанда адамның ойлауы өте күрделі және танып, білу өте қиын. Ойлауды зерттеуде көптеген психологтар детерминизм принципін басшылыққа алады. Ол сыртқы құбылысты тану ішкі шартты рефлекс арқылы жүзеге асады деген ережеге сүйенеді. С.Л. Рубинштейн бұл туралы тек осы принципке ғана сүйене отырып психологиялық құбылыстардың заңдылықтарын анықтауға болады және тек осы көзқарас психологиялық ереже бола алады дейді. [6, 73].

Мұнда ойлаудың ішкі құрылысы деп отырғаны – ойлау операциялары. Ойлау операциялары сыртқы әсерге бірдей жұмыс істейді. Ойлау операциялардың ішінде анализ (талдау), синтез (жіктеу) және жалпылау (басыңқы) болады. Білім ойлау процесі арқылы алынатын болса, ойлау процесі де қандай да бір білімге сүйенеді. Өзіндік жетілу, даму – ол қоршаған ортамен, басқа адамдармен байланыстар нәтижесінде пайда болатын, оның өзіндік түсінігін шығаратын сырт көздің берген бағасы өте маңызды, оқушының өзіндік толымдық әрекетінде мұғалім жеке бағытта оқыту жағдайында ең зор ұйымдастырушы – нұсқалық жоспарлар, дифференциалды әдістер, шығармашылық үй тапсырмалары, сабақтан тыс оқушы әрекетін ұйымдастыру арқылы жоғарғы сапаға жетеді. Жоспарлау мен бірге педагогика әдістері кіреді.

Оқыту процесіне деген зерттеушілік өткендегі іс – әрекетпен байланысты. Атап айтқанда өзіндік танымдық оқушының әрекетін қамтамасыз етеді, ойлау қабілетін дамытады, өзіндік білім алуға дайындайды. Оқушылардың зерттеу үшін әртүрлі іздену әдістері қолда-

нылады (эврика – іздену): ізденіс әңгімелер, өзіндік шешім (мұғалімнің басқаруымен) ережелер, формалар, түсініктер, стандарт емес есептердің шығарылуы, лабораториялық жеке және ұжымды түрде оқыту жұмысының топтық ізденіс түрлері, әдісі.

Әр сабақ сайын ізденуге үйренген бала кез келген проблеманы тез шешуге үйренеді. Қойылған проблеманың шешімін шәкірті проблемалық әдіспен оқытудың мақсаты оқушыны сабақ бойы ой еңбегімен шұғылдандыруын камтамасыз етеді. Оқушыны ізденуге, қорытынды жасауға, өзгеше тың пікір айта білуге үйретеді. Ой қайшылығын, пікір таласын тудырып, дұрыс ой қорытындысы жасалған жағдайда ғана проблема туды деп есептеуіміз қажет. Проблемалық оқыту оқушының бұрыннан меңгерген біліміне сүйеніп, мәселені толық, шешуі үшін аздаған өзіндік ойды, шығармашылық шешімді, дербес әрекетті қажет ететін проблемалық жағдайға алып келуі қажет. Проблемалық мәселе, проблема тууға ыңғайлы тақырыпты таңдай білу, мұғалімнің ізденімпаздығын, тапқырлық шеберлігіне байланысты. Есеп шығару кезінде кері есеп құрастыра білуге, ұқсастық, айырмашылықтарын таба білуге баулу математика сабағында проблемалық оқытудың элементтерін пайдалану арқылы жүзеге асады. Қазақ тілі мен ана тілі сабақтарында оқушылардың ой өрісін дамытумен бірге сөздік қорын байыту, тілін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Қызықты ойындар бұл сабақтарда белгілі бір орын алады. "Дыбыс тандау" ойыны арқылы әр сөздің басқы дыбыстары бірдей дыбыстан басталатын сөз тіркестері мен сөйлем құрату. Мысалы, Талғат таңертең тұрып, тауға тартты. Бақыт бүгін бақшаға барды. "Қызық, сөздік" ойынында оңынан да солынан да оқысақ бір сөз қазақ, қалақ, қабақ, ара, нан т.б. "Сөз құра", "Сен аяқта", «Өз орныңды тап», "Жоғалған буын" т.б. ойын түрлері қолданылады. Бұл ойындардың барлығының мақсаты бір, оқушының ой - өрісін дамыту, кеңейту, ойын дәлелдеу және қорытындылау.

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру жағдайлары объективті түрде бақылау, талдау жасауға үйету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Білім беру мекемелерінің қазіргі жаңа құрылымы мен оқытудың жаңа мазмұны мұғалімдер қауымына жаңаша іскерлік пен жаңа технологияны ендіру міндеттерін шешуді талап етуде. Мұның өзі бастауыш мектепте оқушының пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастыруда маңызы зор екендігін айғақтайды.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден – кез – келген бала адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгеруге бағытталған оқу әрекеті арқылы дамиды, білім – білік дағдыны қабылдайды. Екіншіден – кез – келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы: ол баланың өз - өзінен қалыптасуына өз идеясын жүзеге асыруға бағытталған жаңа әдіс – тәсілдер іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Екі әрекетте оқушылар – екі түрлі мүдделер көзделген әр түрлі мақсатты шешеді. Мысалы: оқу әрекетінде белгілі дағдыны қалыптастыратын, белгілі бір ережені меңгертетін жаттығулар орындаса, шығармашылық әрекеттерде баланың іздену жұмысы басты нысаны болады. Оқу әрекеті баланың жалпы қабілетін дамытса, шығармашылық әрекет нақты жағдайды шешу барысында нәтижеге жеткізетін қабілеттерін дамытады.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін әр түрлі әдіс – тәсілдерді қолдануға болады.

Олар мынандай:

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау.
2. Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру.
3. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу / сөзжұмбақ, құрастырмалы ойындар/.

4. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс / мәтін мазмұнын өңдеу, шығарма, шағын әңгіме мәтінін құру, т.б./.

5. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу.

6. Қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлге оқыту.

7. Ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру.

Жаңа буын оқулықтары ұстаздардан шығармашылық пен ізденушілік, жаңашылдықты талап етеді. Оқушыларға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру үшін оқыту әдісін жетілдіру - әр ұстаздың негізгі міндеті.

Бастауыш сынып оқушыларының ой - өрісін дамытуда ойын әрекетінің маңызы зор. Ойын – балалардың негізгі іс - әрекеттерінің бір түрі. Ойын – балалар үшін күрделі әрекет. Балалар білімді ойын арқылы да ала алады. Сабақтағы ойын арқылы білімін шыңдап, ой өрісін кеңейтеді. Ал ойынның өз мақсаты, жоспары, тәрбиелік мәні, қажетті заттары, ерекшеліктері болады. Баланың жас ерекшелігіне, зейініне сай ұйымдастырылған ойындар баланың ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез – құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады және де сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Оқушылардың сабақтағы қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырудың жолдары сан алуан. Сондықтан қандай да бір пән болмасын, сол пәнге оқушының қызығушылығын, белсенділігін қалыптастыруды тудыру жолдары, шарттары мен қолданылатын жұмыс түрлерін жинақтап көрсетуге болады. Мұғалім оқыту үрдісін тиімді өткізіп, оқушылардың белсенділігін тудыру үшін сабаққа қойылатын төмендегі талаптарды ескереді.

1. Дидактикалық талаптың / сабақтың тақырыбы, мақсаты, мазмұнының бағдарламаға сәйкестігі, игерілген іскерлік, дағдыларының айқындылығы, қабылдауға әзірлеу, түсінігі, ой елегінен өткізу/.

2. Дамытушылық талаптың / дамытушылық мақсатының айқындығы, танымдық қызығушылығының, бастамашылдығын, өздігінен іздену, білімін толықтыру, ой еңбегінің мәдениеті мен іскерлік дағдысын қалыптастыру, ақыл – ойын дамыту.

3. Тәрбиелік талаптың / тәрбиелік мақсатының нақтылығы, білім мазмұны арқылы көзқарасын, эстетикалық сезімі мен адамгершілік қасиеттерін, жүйелі еңбегін қалыптастыру, мамандығына сүйіспеншілігін арттыру т.б./

4. Психологиялық талаптың / білімге ынталандыру/, танымдық белсенділігін арттыру, эмоциялық көңіл – күйін тудыру, қабылдау, зейінін /ойлауын/ қамтамасыз ету.

5. Ұйымдастырушылық талаптың ескерілуі. Ол екі кезеңнен тұрады:

I кезең: сабаққа алдын - ала дайындық. Күнтізбелік жоспар, негізгі және қосымша оқулықтарды, әдістемелік және көркем шығармалар, педагогикалық басылымдармен жұмыс істеу.

II кезең: пән бойынша тақырыптық сабақ жоспарын жасау. Онда сабақтың білімдік, дамытушылық, тәрбиелік мақсатын, соған сай нақты білім көлемін анықтау, әдіс – тәсілдерін таңдау сабақтың типін, құрылымын белгілеу, сабақ кезеңдерінің логикалық байланысын өздігінен істейтін жұмыстарды, т.б. ескеру.

Мектептің бастауыш сатысында кеңінен қолданылып жүрген оқытудың қазіргі технологиялары: проблемалық (мәселелік) оқыту технологиясы оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту. Атап айтқанда:

-оқушының белсенділігін арттыру;

-оқу материалында баланы қызықтыратындай мәселе туғызу;

-оқушы материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді;

-оқытудың бала өмірімен, еңбегімен байланыстылығы.

Мектептің бастауыш сатысында оқу – тәрбие үрдісін оқушылардың өзара іс - әрекеті мен мұғалім және оқушының өзара қарым – қатынасын дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушының ойлау белсенділігін арттыруға, сабаққа интерактивтік әдісті тиімді пайдалануға болады. Мұнда негізгі және жетекші үрдіс іс - әрекетті, оқытуды ұйымдастыру. Бұл технологияның

ерекшелігі оқушылардың өздері ақпараттар жинап, өздері жаңалық ашуға ұмтылып, ізденіп жауабын тауып, өзінің көзқарасын логикалық түрде дәлелдейді. Олар өз пікірлерін бір – біріне, топта, сынып алдында айта алады. Мұнда жеке тұлғаның рухын тәрбиелеуге, адамның адамгершілік болмысын қалыптастыруға басты назар аударылуы тиіс. Білім мазмұнын меңгеруде оқушылардың ақпаратты алдын - ала болжау қабілеттерін және қойылған міндетті шығармашылықпен дамытуға көңіл бөлінеді. Мысалы: қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу біліктілігімен қатар ойлауы, іс - әрекеті, өзара қарым – қатынасы және өзінің сана сезімі дамып, қарапайым ойлау операциялары және шығармашылық іс - әрекеті қалыптасады. Проблемалық оқыту технологиясын оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасымен ұштастырып іске асыруға болады. Нәтижесінде оқушыларды толық сабаққа қатыстырып, олардың әрқайсысының деңгейін анықтай алады. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықтан бастап тақырыпқа болжам жасатып, мақсат қойып, сұрақ беріп жауап алуға, мазмұнды толық түсінуге жағдай туғызады. Мысалы: бұл бағдарламаның сабақта қолдану барысында:

1. Еркін ойлауға мүмкіндік береді.
2. Ақыл ойын дамытады.
3. Шығармашылық белсенділігін арттырады.
4. Тіл байлығын жетілдіреді.
5. Жан – жақты ізденеді.
6. Өз ойын жеткізеді.
7. Ұжымдық іс - әрекетке тәрбиелейді.

Анық айтқанда, сабақта қолданылатын стратегиялар көмегімен жеке тұлға ретінде жан – жақты дамыған шығармашылық ойлауды меңгереді.

Сабақта берілетін оқу материалдарын оқушыларға жеткізу үшін әр түрлі оқыту әдістерін қолдануға болады. Мұғалім өзінің сөзін көрнекі бейнелермен байланыстырады. Оқушының ауызша баяндауы, сұрақтарды анық және түсінікті, проблемалы ситуация тудыратын етіп қоюы, баяндалатын материалдардың ең маңызды жерлерінен айырып беруі, хабарлаудың жүйелі және дәлелді болуы қажет. Ұстаздың сөзі әсерлі, тартымды, сенімді, сонымен қатар дауыс болуы қажет. Мұғалімнің дауыс ырғағы мен мимикасы мәнерлі және бай болғаны жөн. Егер бала бір нәрсені дұрыс түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кінәламай оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін өзін кінәлауы керек. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, сабырлықпен сөйлеп, әрбір затты ықыласпен қарапайым тілмен түсіндіруі қажет. Бүгінгі таңда оқушылардың пәнге қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырудың проблемалық оқыту элементтерінің маңызы зор.

Әдебиет тізімі:

- Аймағанбетова Қ. Бастауыш сыныптарда дүниетанымды оқытудың теориялық негіздері. Алматы, 2003. 7-10б.
- Арысбаева З. Инновациялық әдіс – тәсілдерді қолдану ерекшеліктері. // Бастауыш мектеп. №1, 2004. 36-37бб.
- Ахметжанова А. Оқушылардың қызығушылығын арттыру жолдары. // Бастауыш мектеп №1, 2004.
- Әбілдаева К. Сабақта оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру. // Бастауыш мектеп № 3, 2006.
- Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. Алматы, 2004. 217б.
- Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. Алматы «Білім» 1994. 190б.
- Әбілқасымова А.Е., Кенеш Ә.С. Болашақ мұғалімдердің әдістемелік дайындық негіздері. Алматы, 2004.